

**Темірбаева Әйгерім Алматқызының 8D02206- Дінтану мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
«Қазіргі Қазақстандағы сопылық:
трансформация және синкретизм контекстінде»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысының**

АНДАТПАСЫ

Зерттеу жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертация Қазақстандағы сопылық ілімді, оның дәстүрлерін, жаңғыруын, сонымен қатар қазіргі кезеңдегі трансформация және синкретизм процестерін қарастыруға арналған.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазақстандағы сопылық дәстүр кеңестік кезеңдегі репрессиялық секуляризацияның теріс әсеріне ұшырады және көп жағдайда жойылды. Қазақстан Республикасында Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ халқының мәдени және рухани мұрасын, салт-дәстүрлерін қайта қарау процестері басталды. Көрші елдерде: Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия, Ресей, Татарстан, Башқұртстан, Сібір, Кавказ. Соңғы онжылдықтарда сопылықтың дінге байланысы жоқ әмбебап руханият ретінде қайта өрлеуінің әлемдік тенденциясы орын алғанын атап өту маңызды. Қазақстандық контексте сопылық ренессанс өзінің ерекшеліктерімен көрінеді. Осыған орай сопылықтың қазақ халқы үшін дәстүрлі институт ретінде және оның қазақ қоғамына, жалпы қоғамның рухани атмосферасына ықпалын зерттеу бүгінгі таңда өзекті болуда.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қазіргі уақытта сопылық туралы зерттеулер өте ауқымды, бірақ көптеген проблемалық аспектілер әлі де зерттеуді және толықтыруды қажет етеді. Түрлі тарихи кезеңдерде саяси жүйеге байланысты сопылық ағым өркендеді немесе жасырын түрлерге ие болды. АҚШ, Англия, Франция және басқа да елдердің ғалымдарының сопылықтың әртүрлі әдістері мен амалдарына, тарихи ескерткіштеріне ғылыми қызығушылығы артуда.

Отандық ғалымдар мен зерттеушілер ретінде төмендегі авторларды атап өтуге болады: А.Х. Қасымжанов, З. Жандарбек, Г.Е. Есім, А.Н. Нысанбаев, Ж.А. Алтаев, Т.Х. Ғабитов, Н.Г. Аюпов, Д. Кенжетаев, М.Х. Әбусейітова, А.П. Абуов, М.С. Орынбеков, Қ.К. Бегалинова, А. Қоңыратбаев, С. Қондыбай, Қ. Қари, Ғ. Қамбарбекова, А.Қ. Муминов, Ы. Палтөре, Б. Абирова, Г.Ж. Нұрышева, Г.Г. Соловьева, И.Е. Ерғалиев, Қ.У. Әлжанова, Г. Нұртазина, Г.Т. Телебаев, М. Исахан, Қ.Х. Таджикова, З.Ж. Наурызбаева, Н.Ж. Байтенова, Қ. Затов, Ш. Керім, Т. Қыдыр, Б.Б. Мейірбаев, А.А. Құранбек, С.Е. Нұрмұратов, А.Д. Құрманалиева, А.А. Рыскиева, Қ. Құрманбаев, К. Тышхан, А. Әбдірәсілқызы, А. Сағиқызы, Б.М. Сатершинов, С. Сейтахметова, Қ.М. Борбасова, Ұ. Биғожин, М. Сеңгірбай, М.Н. Смағұлов, Ж. Бұланұлы, О. Сәмет, Т. Темірбаев, О.О. Тұяқбаев, М. Төлеген, С. Моллақанағатұлы және т.б.

Жалпы, тақырыптың ғылыми даму дәрежесін талдауда қазіргі уақытта жергілікті және аймақтық нарративтік ғалымдары жаһандық тенденциялар мен кешенді зерттеулерді көрсетуге талпыныс жасап жатқаны көрінеді.

Зерттеудің мақсаты – Қазіргі Қазақстандағы белсенді сопылық топтарды ілімнің трансформациясы мен синкретизмі тұрғысынан кешенді зерттеу.

Зерттеудің міндеттері:

1. Қазақ халқының салт-дәстүрі аясында сопылық ілімнің идеялық негіздері мен бастауларын зерттеу.
2. Қазақстандағы белсенді сопылық топтарды анықтау;
3. Сопылық топтардың ресми исламмен және мемлекетпен қарым-қатынасын қарастыру.
4. Қазіргі сопылық лидерлерінің әлеуметтік портреттерін қарастыру.
5. Қазақстандағы сопылық қауымдардағы ағымдық дискурстарды ілімнің трансформациясы мен синкретизмі контекстінде анықтау.
6. Қазақстандағы сопылық ілімнің дамуы мен таралуының қазіргі тенденцияларын талдау.
7. Сопылық бірлестіктерге жүгінудің себептері мен факторларын талдау.
8. Қазақ сопыларының қажылық тәжірибелерін қарастыру.
9. Ғаламтордағы және БАҚ-тағы сопылық ілімнің көрінісін талдау.

Зерттеу нысаны – сопылық идеологиялық бағдарлар жүйесі ретінде, сонымен қатар қазіргі қазақ сопылық топтарының өкілдері.

Зерттеудің хронологиялық көлемі осы диссертация тақырыбына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес анықталады. Зерттеу Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған сәттен бастап бүгінгі күнге дейінгі кезенді қамтиды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі пәнаралық, антропологиялық, феноменологиялық, тарихи тәсілдерге негізделген. Мақсат пен міндеттерге жету үшін әдістемелік құрал ретінде сапалы әдістер қолданылды. Екі нұсқаулықты қамтитын зерттеу бағдарламасы жасалды. Біріншісі сопылық ағымның жетекшілері мен ізбасарларына, екіншісі дін саласында уәкілетті жергілікті атқарушы органдардың өкілдеріне арналған:

– сопылық топтардың жетекшілерімен және олардың ізбасарларымен тереңдетілген 20 сұхбат.

– дін саласындағы уәкілетті жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен сараптамалық сұхбат.

Сұхбат барысында респонденттерге елдегі сопылық топтардың қызметінің жекелеген аспектілерін тереңірек түсінуге байланысты қосымша нақтылайтын сұрақтар да қойылды:

- Қазақстандағы сопылық қауымдастықтарға қосылған бақылау;
- БАҚ кеңістігіндегі белсенділікті талдау.

Зерттеудің барлық тәсілдері ғылыми танымның қағидаларын сақтауға негізделген, тарихшылдыққа, объективтілікке, материалды жүйелі және

логикалық баяндауға, себеп-салдар байланысын орнатуға және зерттеуге кешенді, жаңашыл көзқарасқа негізделген.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Алғаш рет мүдделі тұлғалармен: сопылық топтардың жетекшілерімен, ізбасарларымен, уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдерімен, сарапшылармен сұхбат алу арқылы Қазақстандағы сопылық ілімді жан-жақты зерттеу жүргізілді. Соның арқасында теориялық деректер эмпирикалық материалдармен толықтырылды.

Диссертациялық жұмыс аясында келесі ғылыми жаңалықтың мазмұны айқындалады: сопылық және сопылық институттардың тарихи аспектілері қазақ халқының дәстүрі призмасы арқылы қарастырылады; далалық зерттеу материалдары негізінде қазіргі Қазақстандағы белсенді сопылық топтар туралы жүйеленген деректер; ілімдердің трансформациясы мен синкретизм контекстіндегі сопылардың қызмет бағыттары, түйінді дискурстары анықталды; сопылық ағым өкілдерінің қоғаммен, мемлекетпен және шетелдік сопылық құрылымдармен қарым-қатынасы ашылды; сопылық топтардың қазіргі жетекшілерінің әлеуметтік портреттері қарастырылады; Қазақстандағы сопылық топтардағы әйелдердің рөлі көрсетіледі; сопылық топтарға қосылудың негізгі аспектілері ашылады; қазіргі сопылардың қажылық тәжірибесі мен негізгі бағыттары анықталды; Сопылық ілімдердің медиатизациясының негізгі баяндаулары көрсетілген.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар: Сопылықтың ерекшеліктерін әлеуметтік, мәдени және философиялық түйінде сипаттайтын көптеген еңбектерге қарамастан, сопылықтың қазіргі формалары, сонымен қатар қазіргі кезеңде сопылықтың қайта жандану форматтары, сопылық дәуірдегі тарихи трансформация процесі, қазіргі заман шындықтары мен контексттер әсерінен жеткілікті түрде зерттелмеуі. Осыны негізге алып, мынадай қорытындыға келдік:

1. Тарихи көзқарас негізінде сопылықтың Қазақстанның мәдени дәстүрінің құрамдас бөлігі екендігі анықталды. Бұл дерек далалық зерттеулер кезінде алынған деректермен және қазақтардың дінін «ұжымдық жады» ұғымы арқылы түсіндірген антрополог Б. Привратскийдің пікірімен сәйкес келеді. Сопылық атеизм, отаршылдық саясат, репрессиялық секуляризация, діни белсенділерге қарсы физикалық зорлық-зомбылық, қазіргі жаһандану процестері және технологиялық серпілістерге қарамастан, сопылық қазіргі заманда өмір сүре алды және жалғасуда.

2. Діни ренессанстың сопылық дәстүрге қызығушылық тудырып, олардың тарихи тамыры, түрлі отандық және шетелдік уағызшылардың, шейхтардың, ишандардың іс-әрекеттерін жаңаша түсінудің арқасында қайта жандана бастағаны анықталды. Діни дәстүрлердің осылайша қайта жаңғыруы Орталық Азия аймағындағы жағдаймен байланысты.

3. Сопылық топ жетекшісінің біртұтас әлеуметтік портреті жоқ екені анықталды. Қазіргі қоғамдағы бағыттардың өзіндік ерекшеліктері бар, шешендік сөздерді, оқытуды әртүрлі әдістерін шебер пайдаланады. Олар әлеуметтік салаларды дамытуға белсене атсалысуда. Осыған байланысты дәстүрлі сопылық константалар қазіргі заманғы діни қызметтерді

тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін түрленеді, нәтижесінде синкреттік құбылысты білдіретін жаңа діни конструкциялар жасалады. Сонымен қатар, мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың субъектілері мұндай фактілерге көбіне екіұшты көзқараспен қарайды.

4. Далалық зерттеулер барысында әйелдердің қазіргі сопылық топтардың белсенді субъектілері екені анықталды. Олар өз қауымының өміріне, діни тәжірибеге қатысады, ал әртүрлі сопылық топтар өздерінің тәртібін және бөліну ережелерін әзірледі. Сопылықтағы әйелдер мен гендерлік динамиканың үлесі қазіргі уақытта толық зерттелмеген тақырып болып қала береді.

5. Респонденттердің жауаптарының талдауы сопылық жолға түсудің себептері мен факторлары кең екендігін көрсетеді. Әрбір баяндау өзінің субъективті таңдауын білдіреді. Тарту және ықпал ету факторларының талдауы қазіргі уақытта ілімдерді таратудың дәстүрлі құралдары әртүрлі жолдармен қолданылып жатқанын көрсетеді.

6. Далалық зерттеу деректері сопылық ағымды ұстанушылар бағыттарының кең ауқымын көрсетеді. Дәстүрлі қажылық тәжірибелер жайлылық деңгейлері әртүрлі танымал туристік маршруттарға айналды. Шейхтармен кездесулер белсенді демалыс орындарында өтеді, әрі бүкіл әлемде өзекті «табысты адаммен кездесу» ретінде көрініс тапқан. Сонымен қатар, діни туризм бүгінгі таңда инвестициялық және мемлекеттік қолдау үшін тартымды кластерге айналуға.

7. Ғаламтор кеңістігіндегі сопылық ағым ұстанушыларының қызметін далалық зерттеу және талдау аясында қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу үшін танымал әлеуметтік желілер, мессенджерлер, бейнехостинг платформалары белсенді түрде пайдаланылып жатқаны анықталды. Дегенмен, интернет сопылық ілімдердің таралуының негізгі факторы емес, пайдаланушылар арасында ақпарат алмасуға және сақтауға ғана қызмет етеді. Сонымен қатар кейбір сопылық топтар арнайы жабдықталған студияларда контент дайындап, мазмұны ыңғайлы әрі қолжетімді форматта ұсынып, бұл саланы белсенді түрде дамытуда. Сонымен қатар, зікір айтудың шетелдік сопылық амалдардан алынған онлайн түрлері жасалуда.

8. Зерттеу нәтижесі бойынша А.Х. Қасымжанов, Ғ. Есім, З. Жандарбек, Д. Кенжетаев, К. Тышхан, А. Әбдірәсілқызы, Н. Нұртазина, Қ.К. Бегалинова, А. Абилова, З. Наурызбаеваның пікірлері дәлелденді. Қазақстандағы сопылық топтарының тамыры тереңде жатқанын, еліміздің және бүкіл түркі әлемінің рухани мұрасының құрамдас бөлігі екенін айтты. Діни уағыздаушы-шейхтер мен ишандардың қызметі көптеген мемлекеттерде ислам күмбезінің астында толеранттылықтың, бейбітшілік пен келісімнің негізін қалады. Сонымен бірге қазіргі сопылық топтардың қызметіне қатысты ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ. Осылайша, батыс ғалымдары Е.С. Лоуренс, Ыдырыс Шах, Инаят Хан, Дж. Нурбахш, Г.И. Гурджиев есімдерімен байланысты қазіргі батыстық сопылық топтарды сынады және оларды «классикалық емес сопылық», «псевдосуфизм» деп атады. А.Қ. Ізбаиров, қазіргі Қазақстанның кейбір сопылық топтарын псевдосопылық деп

анықтауға болады деген пікір айтады. Ол мұны заңсыз әрекеттермен және көшбасшыларды әртүрлі жауапкершілікке тартумен, сондай-ақ сопылық дәстүрдің расталмаған заңды негіздерімен байланыстырады. Жалпы, ғылыми әдебиеттерде әртүрлі контексте «универсалистік сопылық», «біртұтас сопылық», «өзгертілген сопылық», «жартылай исламдық сопылық», «квазиисламдық қауымдар», «сопылық құрылымдар» т.б. терминдері пайдаланылады. Оған қарамастан, бұл диссертациялық зерттеу Қазақстанда ата-бабадан жалғасқан сабақтастыққа негізделген дәстүрлі сопылық мектептердің сақталғанын, бірақ олардың медиа кеңістігіне үнемі араласа бермейтінін және қазіргі діндарларға аса танымал емес екендігін көрсетті. Алайда, жаңа сопылық топтардың кең ауқымды желі құруға, заманауи құралдарың арқылы ілімді танымал ету ресурстары бар. Зерттеу нәтижесінде А.Д. Кныш, А.А. Ярлыкапов, М. Сэджвик, О.А. Ярош қазіргі заманғы сопылық – бұл діни қызметтерді тұтынушы өзіне ұнайтын «тауарды /оқытуды/ практиканы /топты/ тәлімгерді» таңдайтын бірлестіктердің кең спектрі екендігі туралы тұжырымдарының дұрыстығы анықталды және қазіргі жағдайда қолданыстағы нарративтерді зерттеуді тенденциялар мен аймақтық контексте анықтаудың маңыздылығын көрсетті. Сопылық, дәстүрлі діндер сияқты, трансформация процестерін бастан кешіреді, ал сопылардың өздері оларды оң қабылдайтыны айта кету керек. Синкретизм барлық сопылық бірлестіктерге тән емес, керісінше жаңадан құрылған қауымдастықтарға тән және қазіргі әлемдік үрдістермен сәйкес келеді. Жалпы, соңғы жылдары тарихи факторлармен қатар, сопылыққа қатысты ғылыми жобалар, конференциялар, семинарлар ұйымдастыру арқылы еліміздің рухани мұрасын іргелі зерттеуге, қоғамда толерантты көзқарастарды тәрбиелеу мақсатында мемлекеттік-конфессиялық саясаттың бағыты да өзгерді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы:

1. Стейкхолдерлердің нарративтерін қарастыру арқылы тақырыпқа кешенді көзқарас;
2. Басқа ұлттар мен діни конфессиялардың адамдарына теріс көзқарастың көріністерін азайту.
3. Келісім мәдениетін, ұлттық және діни төзімділікті тарату.

Жалпы, бұл диссертациялық зерттеудің материалдарын сопылық феноменін, философиясын, мәдениетін, дәстүрін дінтану, философия, мәдени антропология және басқа да сабақтас әлеуметтік-гуманитарлық пәндер аясында зерттеуде пайдалануға болады. Сондай-ақ, алынған нәтижелер дінтану, философия, ислам философиясы, мәдениеттану, мәдениет антропологиясы, дін әлеуметтануы, дін психологиясы, мәдениет әлеуметтануы, мәдени-гуманитарлық пәндер бойынша арнайы курстарды, лекциялар мен практикалық сабақтарды әзірлеуде т.б. пайдалануға болады.

Сонымен қатар, зерттеудің нәтижелерін рухани қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстанның діни алуан түрлілігін сақтау мақсатында мұсылман қауымдарының мәселелерін одан әрі зерттеуде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары 11 ғылыми мақалада жарияланды. Оның 1 мақаласы Scopus базасына кіретін ғылыми басылымда, 4 мақаласы ҚР ҒЖБМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, 6 мақаласы халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында жарық көрді. Зерттеудің нәтижелері сараптаудың біліктілік кезеңдерінен кейін сопылық бойынша ғылыми жобаларды жүзеге асыру аясында республикалық және халықаралық деңгейде сынақтан өтті.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, тоғыз тараушыдан, қорытындыдан пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.